

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 159 (9477) || 1954 жылғы 11 август Сәрсенбі || Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 ғыбын.

Преснов авторотасы коллективінің үндеуі (1-бет).
Қазақстан КП обкомінде (1-бет).
Ғылым қызметкерлері мен ауыл шаруашылығы практиктерінің Орал сыртындағы колхоздағы кеңесі (1-бет).
КОМБАЙНДАРДЫ ТҮГЕЛ ЖҰМЫСҚА ҚОСЫП, КОМБАЙНШЫЛАРДЫҢ ТАПСЫРМАНЫ ОЙДАҒЫДАЙ ОРЫНДАУЫНА ЖЕТІСЕЙІК! С. Темірбаев. —Комбайндар босқа тұр. Б. Жақыпов. —«Егін әлі жас» дейді. А. Жолдығарин. —Мол өнім. (1-бет).
ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: А. Қазиев. —Партия ұйымы —өндірістік өрлеуді ұйымдастырушы (2-бет).

Қ. Батпенев. —Қызыл Тулы цех (2-бет).
БҮГІЛӨДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ:
М. Николаев. —«Орал» павильонында (2-бет).
Ж. Мұқанов. —Еңбекпен өскен екі дос (3-бет).
Механикаландырылған май заводы (3-бет).
А. Адлер. —Қала мәдени-ағарту орындарының селзәга көмегі (3-бет).
КИНО: Ә. Сүлейменов. —«Алғашқы көктем» (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Картоп пен овощь дақылдарын жыйнауға тыңғылықты әзірленейік

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь пленумы колхоздар мен совхоздарда таяудағы жылдардың ішінде картоп және овощь өндірісін қалалар мен өнеркәсіп орындары халықтарының, өңдеуші өнеркәсіптің қажетін ғана емес, оның үстіне мал шаруашылығының картоп жөніндегі қажетін толық қанағаттандыраарлықтай мөлшерге өркендету міндетін қойды. Облыс колхоздары мен совхоздары бұл міндетті орындау жолындағы күресте картоп пен овощь егістерінің көлемін бйылы өткен жылдардан едәуір ұлғайтты. Картоп және овощь дақылдарын егуде жаңа прогрессивтік әдістерді кеңінен қолданды. Демек, көп колхоздарда бұл дақылдар шаршы-ұялап егілді. Сол сыяқты, овощьтың көшеттерін шымтезек-шірінді құмыраларында өсіруді кеңінен қолданды.

Бірқатар колхоздар мен совхоздар картоп, овощь дақылдарын егудің мемлекеттік жоспарын орындап қана қоймай, жоспардан тыс ондаған гектар картоп пен овощь екті. Жаз айларында бұл дақылдардың қатараралықтарын өңдеу, қолдан суару, қосымша минералдық қорек енгізу жұмыстарын агротехникалық ережелерге сай жүргізді. Осының нәтижесінде көптеген шаруашылықтарда картоп пен овощь дақылдары бітік өсіріліп келеді.

Облыс колхоздары мен совхоздарының алдында тұрған кәзіргі басты міндетінің бірі —бітік өсірілген картоп пен овощь дақылдарының өнімін кезінде және ырапсыз жыйнауға барлық жағынан ойдағыдай әзірлену болып табылады. Алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздардың картоп пен овощь дақылдарын жыйнауға әзірлену және оны өткізу жөнінде жыйнақталған бай тәжірибесі бар. Мәселен, Полудень ауданындағы Сталин атындағы, Булаев ауданындағы «Гигант» колхоздары картоп, овощь дақылдарын жыйнауға жылы сайын үлгілі әзірлікпен келіп, бұл жұмысты қысқа мерзімнің ішінде өткізіп келеді. Бұл колхоздардың мүшелері картоп, овощь дақылдарын жыйнауға өткен жылы да ойдағыдай әзірленген-ді. Колхозда картоп пен овощь өнімдерін жыйнайтын арнаулы звенолар құрылып, олар

135 тонналық овощьтарды сақтайтын қойманы толық жөндеп болды. Бригада мүшелері бұл күндері сыйымдылығы 500 тонналық картоп сақтайтын орынды жасалған салула.

Алайда, облыс колхоздары мен совхоздарын тұтас алғанда картоп пен овощь дақылдарын жыйнауға әзірлік жұмысы мүлдем қанағаттанғысыз болып отырғанын айта кетуіміз керек. Көптеген колхоздар мен совхоздардың басшылары картоп пен овощь дақылдарын жыйнауға әзірлікті кезекке қойып келеді. Осының салдарынан облыс колхоздарында ғана картоп өнімдерін сақтайтын сыйымдылығы 12.635 тонналық 197 орын осы уақытқа дейін салынған жоқ. Ал, овощь дақылдарын сақтайтын орындарды әзірлеу ісі де нашар ұйымдастырылула. Картоп пен овощь дақылдарын жыйнауға және сақтауға әзірлік жұмыстары, әсіресе, қала төңірегіндегі Петропавл, Полудень, Мамлют, Соколов аудандарының колхоздарында өте-өте төзгісіз жағдайда. Бұл колхоздар картоп және овощь дақылдарын жыйнауға әзірлік жасауда қолда бар мүмкіншіліктерді пайдаланбай келеді.

Облыс колхоздары мен совхоздарының жағдайында картоп пен овощь дақылдарын жыйнауға ауыл шаруашылығының басқа да жұмыстарымен қатар жүргізу керек болады. Сондықтан әрбір колхоз бен совхозда бұл жұмыс дұрыс жоспарланып, үлгілі ұйымдастырылуы осы бастан ескерілуі керек.

Үстіміздегі жылы бірқатар колхоздар мен совхоздарда картоп өнімдерін едәуір жыйнау механика күшімен жүргізілетін болады. Сондықтан колхоздар мен совхоздардың басшылары бұл машиналарды жұмысқа өнімді пайдалана білетін маман кадрлар даярлау жұмысына ерекше назар аударулары қажет. Картоп жыйнайтын комбайндардың өнімді жұмыс істеуі кадрларға байланысты екенін ұмытуға болмайды.

Көп колхоздарда картоп пен овощь дақылдарын жыйнайтын бригадалар мен звенолар тұрақтандырылмай жүр. Бұл дұрыс емес. Әрбір колхоз бен совхозда картоп және овощь дақылдарын өндіруде арнаулы және тұрақтандырылған бригадалар мен звенолар жұмыс істейтін болуы

Комбайндарды түгел жұмысқа қосып, комбайншылардың тапсырманы ойдағыдай орындауына жетісейік!

Преснов авторотасы коллективінің Солтүстік Қазақстан облысы автомобиль шаруашылығының барлық шоферларына, жөндеуші жұмысшыларына, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілеріне

ҮНДЕУІ

Біздің елімізде ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің егін жыйнауды үлгілі өткізу жолындағы, ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысы өрістей түсуде. Бұл міндеттерді шешуде автомобиль транспорты қызметкерлерінің ролі өте зор. Преснов авторотасының автомашина жүргізушілерді, жөндеуші жұмысшылары мен техникалық қызметшілері жүк тасымалдаудың жартыжылдық жоспарын тонна есебімен 120 процент, тонна-километр есебімен 159,5 процент орындады. Колхоз қырмандарынан дайындау пункттеріне жаңа егіннің астығын тасуды ойдағыдай өткізудегі өзіміздің жауапкершілігімізді сезіне отырып, біз социалистік жарысқа ұштасамыз және астық тасымалдау жөніндегі күндік тапсырманы асыра орындайтындай, жанармай үнемдейтіндей, астық тасымалдаудың түсер бағасын кемітетіндей дәрежеде еңбек етуге сөз береміз.

Көптеген шоферлар өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды. «ЗИС—150» автомашинасының жүргізушісі Александров жолдас астық тасуда тәуліктік тапсырманы 200 процент орындауға міндеттенді. Шоферлар А. Е. Григорьев, В. И. Батыров, И. Ф. Марченко және басқалары осындай көрсеткіштерге жетісуге ұйғарды.

Автомобиль ротасының коллективі, өздерінің қолда бар барлық мүмкіншіліктерін есенке ала отырып, өздеріне мынадай міндеттемелер алады:

1. 1954 жылдың егінінің астығын деркесінде ырапсыз тасуды және әрбір машинамен астық тасу жөніндегі сменалық тапсырманы көмінде 120 процент орындауды қамтамасыз етеміз.
2. Егін жыйнау және астық дайындау науқаны кезінде техникалық әзірлік коэффициентін үнемі 0,90 процентте ұстаймыз, ал, бір жылға бекітілген техникалық дайындықтың коэффициентінің 10 процент асыра орындаймыз.

Облыстық партия комитетінің бюросы Преснов автомобиль ротасы коллективінің мемлекетке астық тасуда социалистік жарысты өрістетуге туралы Солтүстік Қазақстан облысы автомобиль шаруашылықтарының барлық шоферларына, жөндеуші

3. Автомобиль паркін пайдалануды жақсартамыз, ол үшін автомашинаның таражда, сол сыяқты, астық тиегенде және астықты түсіргенде жұмыссыз бос тұрып қалуын кемітеміз. Автомашинаға тіркелген прицептерді пайдалануды жақсартамыз және жол-жөнекей жүк тасымалдауды ұйымдастыру арқылы автомобильдердің босқа жол жүруін қысқартамыз. Астық тасымалдағанда астықты ысыраққа ұшыратпаймыз және бірде бір апатқа ұшырауға жол бермейміз.

4. Еңбек өнімділігін 25 процент арттыру есебімен 1954 жылдың өндірістік жоспарының Советтік Конституция Күніне —1954 жылғы 5 декабрьге орындалуын қамтамасыз етеміз, жыл аяғына дейін жылдық жоспардан тыс 450 мың тонна-километр жол жүреміз және жүк айналымы жөнінен 7 мың тонна жүк тасыймыз.

Тізімдегі әрбір автомашинаның орташа жылдық еңбек өнімділігін жол жүру, тонна-километр және тонна жөнінде транспорт-финанс жоспары бойынша қарастырылғанынан 15 процент арттыруды қамтамасыз етеміз.

6. Августтан бастап ай сайын үнемделген жанар маймен екі күн жұмыс істейміз яғни жанар майдың 4 процентін үнемдеуге жетісеміз.

7. Автомобиль резинасының жол жүруін жоспарлы нормадағыдан кемінде 5000 километр арттырамыз.

Өзімізге осындай міндеттемелер ала отырып, Солтүстік Қазақстан облысының барлық шоферларын, жөндеуші жұмысшыларын, инженер-техник қызметкерлерін бізден үлгі алуға, жаңа егіннің астығын тасу жоспарын және жүк тасымалдаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарысты кеңінен өрістетуге шақырамыз.

ҮНДЕУ ПРЭСНОВ АВТОРОТАСЫ КОЛЛЕКТИВІНІҢ ЖАЛПЫ ЖЫЙНАЛЫСЫНДА ҚАБЫЛДАНДЫ.

Қазақстан КП обкомінде

жұмысшыларына, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілеріне үндеуін мақұлдады.
Қалалық және аудандық партия комитеттеріне, автомобиль роталарының, колхоздардың, совхоздар мен МТС-тердің бас-

тауыш партия ұйымдарына бұл үндеуді автомашина жүргізушілер арасында талқылау, олардың дайындау пункттеріне астық жеткізу жөнінде өздеріне нақтылы социалистік міндеттемелер алуын ұйымдастыру ұсынылды.

Мол өнім

Комбайндар босқа шүр

„Егін әлі жас“ дейді

Бонюхов ауданындағы колхоздардың барлығында да егін пісіп тұр. Осыған қарамастан көптеген колхоздардың басшылары егін оруға кірісуді ұйымдастырмай келеді.

Егін жыйнау жұмысын бастауды, әсіресе, Чиствяк МТС-нің қамтуындағы колхоздар кеміктіріп отыр. Мәселен, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында 70 гектар сұлы әлде қашан оруға келді. Колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымы сұлыны ору жұмысын дереу ұйымдастыруды колхоз председателі Минков, агроном Кузьмин жолдастарға міндеттеп, қалды қабылдаған болатын. Міне, содан бері бір аптаға жуық уақыт өтсе де Минков, Кузьмин жолдастар егін оруды ұйымдастырмай-ақ келеді.

Бұл колхоздың даласында бйылы МТС-тің 7 комбайны жұмыс істейтін болады. Ол комбайндар МТС-тен колхоз орталығына әкелінгеніне де едәуір уақыт өтті. Алайда, колхоз басқармасының егін жыйнауды ұйымдастыруды кешеуілдетуінен комбайндардың екеуі ғана егіс даласына жіберілді де, қалған бесеуі колхоз селосының орталығында ешбір себепсіз қалдырылып келеді.

Жағдай Суворов атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда да дәл осындай. «Путь Ленина», Каганович атындағы колхоздардың басшылары күздік қарабидай, арпа және ерте егілген жаздық бидай толық пісіп, жетіле тұрса да комбайн агрегаттарын жұмысқа қоспай отыр.

Сіздер егін жыйнауға қашан кірісесіздер, деген сұраққа «Путь Ленина» колхозының председателі Пуртов, агроном Филиппчук жолдастар шімірікпестен: «егін әлі жас», деп жауап береді. Пуртов және Филиппчук жолдастардың бұл жауабы шындыққа жанаспайды. Колхоздың егіс даласында 100 гектардан астам жаздық бидай, 35 гектар күздік қарабидай пісіп, жыйнауға жарам тұр.

Рас, ауданның кейбір колхоздары егін жыйнауды бастағанына едәуір уақыт өтті. Бірақ, оларда егінді жыйнау мен бастырылған астықты тазарту, кештіру жү-

тәжірибелі колхозшылар есебінен толықтырылды. Звено мүшелері керекті құрал-саймандармен жабдықталды. Осының нәтижесінде бұл колхоздарда картоп, өмпе өнімдерін жыйнау жұмысы қысқа мерзімде өткізілді.

Аталған колхоздар картоп пен өмпе өнімдерін жыйнауға быйыл да ойдағыдай әзірленуде. Сол сияқты, огород егістерінің дақылдарын жыйнауға әзірлік жұмысы Петропавл совхозында да ойдағыдай жүргізіліп келеді. Совхоз коллективі быйылғы көктемде 160 гектар картоп және 50 гектар өмпе дақылдарын еккен болатын. Бұл дақылдарды жыйнауға техника қуаты кеңінен пайдаланылатын болады. Совхоз быйыл картоп жыйнайтын жаңа 3 комбайн алды. Картоп өнімін жыйнауға бұл комбайндардың қуатын өнімді пайдалану үшін совхоз басшылары арнаулы механизаторлар даярлап келеді. Сол сияқты, картоп жыйнайтын комбайнды қамтитын жұмысшыларға жаңа машинаның жұмыс істеу процестері үйретілуде. Сонымен бірге, өмпе дақылдарын жыйнайтын арнаулы бригадалар құрылып, олар керекті құрал-саймандармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілді. Отамалы дақылдардың өнімін совхоз қоймасына жеткізетін көліктер, арбалар және ыдысгар жеткілікті мөлшерде әзірленді.

Картоп пен өмпе дақылдарының өнімдерін сақтайтын орындарды жөндеу және жаңадан салу жұмыстары қызу қарқынмен жүргізіліп келеді. Совхозда Тофанов жолдас басқаратын қамтуында 14 адам бар құрылыс бригадасы сыйымдылығы

қажет. Мұның өзі отамалы дақылдар жөніндегі бригадалар мен зенондардың мүшелерінің өздеріне тапсырылған жұмысқа жауапты қаруына жағдай жасайды. Сонымен бірге, картоп, өмпе дақылдарын өсірушілердің еңбек өнімділігін арттыруына ынталандыратын шараларды жүзеге асырып отыру керек.

Картоп пен өмпе дақылдарының өнімдерін жыйнау кезінде алдымен келесі жылдың егістері үшін дайындалатын тұқымдық учаскелердің өнімін жыйнауға ерекше назар аудару керек. Келесі жылы облысымыздың колхоздары мен совхоздарында картоп егісінің көлемі быйылғыдан 2,5 есе, ал, өмпе дақылдардың көлемі екі есеге жуық ұлғайтуға тиіс. Сондықтан бұл дақылдардың тұқымын егіс көлеміне жеткілікті мөлшерде күюуді ойластыру қажет. Озат шаруашылықтардың тәжірибесіне қарағанда, сентябрь айының алғашқы жартысында жыйналып, жақсы жабдықталған қоймаларда сақталған картоп тұқымды жөгері өнім беріп жүр. Сондықтан тұқымдық картоптардың агротехникалық мерзімде жыйналып, дұрыс кептірілуі және жақсы жабдықталған қоймаларда сақталуы қамтамасыз етілетін болсын.

Жеткілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының басшылары картоп пен өмпе дақылдарының өнімін жыйнауға әзірлік жұмыстарына күнбе-күн басшылық жасап, бұл істегі жайбарақаттыққа жол бермеуге тиіс.

Ворошилов атындағы МТС-тің комбайншылары Бравенгер, Гартенгер, Баус, Лепехин жолдастар елавопольдық механикаторлардың бастамасына үн қосып, өздеріне бекітіліп берілген комбайнмен күндіз тапсырманы үнемі асыра орындауға, астықты мейлінше көп бастыруға міндеттеме алған болатын. Олар қазір осы МТС-тің қамтуындағы Киров атындағы колхозда (Октябрь ауданы) егін жыйнап жүр. Сөзіне берік комбайншылар комбайн қуатын өнімді пайдалануды шебер ұйымдастыра отырып, күндіз тапсырмаларын үнемі асыра орындап келеді.

Бравенгер, Гартенгер жолдастар «Сталинец—6» комбайндарымен төрт жұмыс күні ішінде 132 гектар бидайық жыйнады. Олардың әрқайсысы орта есеппен алғанда күн сайын 16,5 гектар жердің бидайығын орды, бидайықтың әрбір гектарынан 3 центнерге жуық тұқымдық дән бастырды. Сол сияқты, Баус, Лепехин жолдастар «Сталинец—6» және «Сталинец—1» комбайндарымен күндіз тапсырмаларын үнемі асыра орындап 5 жұмыс күні ішінде 182 гектар күздік қарабидайды жыйнады және бұл учаскелерден 1450 центнер дән бастырды.

Колхозшылар бастырылған астықты қырманға жеткізу, оны тазарту, кептіру жұмыстарын ұйымшылықпен жүргізіп келеді. Бұл жұмыстарда коммунист Г. Ақанов, Қ. Мәкішов, Д. Мелехин, И. Скоблев, Н. Новиков жолдастар авангардтық роль атқаруда. Олар өз міндеттерін үнемі ұқыпты атқарумен бірге, басқа колхозшыларға көмек көрсетіп отырады. Колхозшылардың егін жыйнау және астық дайындау күресіндегі қажырлы еңбегінің нәтижесінде мемлекетке астық тапсыру жұмысы да ойдағыдай жүргізілуде.

А. ЖОЛДЫҒАРИН.

Совет МТС-нің басшылары «Аралағаш» колхозында егін жыйнауға 7 комбайн бөлуді жоспарлаған болатын. Егін жыйнау жұмысы басталғанға дейін колхоз даласына бұл комбайндардың екеуі ғана жіберілді. Қалған 5 комбайн толық жөнделмегендіктен МТС мастерскойының жаңында әлі тұр. Колхозға жіберілген екі «Сталинец—6» комбайндарының бірі (№ 40 «Сталинец—6» комбайны) комбайншы Бахмуцкийдің еңбегінің рұхсатынсыз кетіп қоны себепті егін жыйнауға қосылмастан басқа тұр. Ал екінші комбайнмен үш жұмыс күні ішінде небары 15 гектар күздік қарабидай жыйналды. Өйткені, МТС басшылары бұл комбайнды сүйреуге техникалық жарамсыздықтан жаз бойына жұмысқа қосылмай тұрған № 53 «СТЗ—НАТИ» тракторын бөлген. Соның өзінде МТС директоры Лымарь, бас инженер Лазарев жолдастар бұл тракторды сапалы жөндеуді ұйымдастырмады. Ал, қазіргі күндерде бұл трактор техникалық жарамсыздықтан уақыттың көбінін тоқтап қалумен өткізіп келеді.

Бірақ, трактордың техникалық жарамсыздығы комбайн қуатын өнімсіз пайдаланудың негізгі себебі бола алмайды. Өйткені, бригадала техникалық жағынан жақсы жабдықталған тракторлар жоқ емес. Ол тракторлардың бірін комбайнды сүйреуге қосуға да мүмкіншілік бар. Дегенмен, МТС басшылары мұны ұйымдастырмай отыр. Осының салдарынан колхозда егіннің пісіп тұрғанына қарамастан, оны жыйнауға комбайн агрегатының қуаты толық пайдаланылмай келеді.

Колхоз басшылары да егіншілердің еңбегін ұйымдастыру жұмысын бетімен жіберген. Егіс бригадаларында жабық қыр-

мандар салу жұмысы ескерусіз қалған. Сондықтан колхозшылар алғашқы бастырылған астықты ашық далаға үюге мәжбүр болып отыр. Қолда бар екі сортироваканың толық жөнделмеуінен астық тазарту жұмысы ұйымдастырылмай келеді. Сонымен бірге, колхоз председатели Қурманбаев жолдас астық тазартатын машиналарды толық іске қосуды ұйымдастыруға әлі асығатын көрінбейді.

Комбайн бункерлерінен астық алуға кемінде 25 жәшікті арба керек. Ал, олардан небары 12 арба ғана іске жарайды, тіпті, осы арбалардың да жәшіктері астық тиеуге ыңғайланып жөнделмеген, бүтінделмеген. Осының салдарынан комбайннан алынған астықтың едәуірі қырманға жеткізілгенше жәшіктен түсіп ысырап болуда.

Колхозда егін жыйнаудың жұмыс жоспары жасалмаған. Егін жыйнауға қатысатын колхозшылардың істейтін жұмыстары нақтылы белгіленбеген. Мұның өзі еңбек тәртібінің нашарлауына әкеліп соғып отыр. Колхоз партия ұйымы (секретары Сейткереев жолдас) колхозшыларды өнімді еңбек етуге ынталандыру ісімен аз шұғылданады, үгіт-бұқаралық жұмыстары өз дәрежесінде жүргізілмейді. Егін орағы басталғаннан бері егіншілермен әңгіме өткізген бірде-бір үгітші болған жоқ. Сол сияқты, істеліп жатқан жұмыстар күнбе-күн қорытылып отырылмайды.

Егін жыйнауға мұндай кемшіліктерге төзуге болмайды. Сондықтан МТС, колхоз басшылары орын алып отырған кемшіліктерді шұғыл жоюдың шараларын жүзеге асыруы тиіс.

С. ТЕМІРБАЕВ.

Совет ауданы, «Аралағаш» колхозы.

мыстарының арасында үлкен ашықтықтың болуына жол беріліп отыр. Мәселен, «Жаңа тұрмыс» колхозының қырманында жаңа егіннің 360 центнерден астам дәні бір аптадан бері кептірілместен және тазартылмастан жатыр. Мұның басты себебі колхоз басқармасының астықты кептіру, тазарту жұмыстарын нашар ұйымдастыруында. Жақында бұл колхоздың егіс бригадасында аудандық партия комитетінің секретары Макаров жолдас болды. Ол кептірілмей, тазартылмай жатқан астықты көрді. Не пайда, Макаров жолдас қырмандағы астықты тазарту және дереу мемлекеттік дайындау пункттеріне жеткізу жұмыстарын шұғыл ұйымдастыру жөнінде колхоз басшыларына ешқандай практикалық көмек көрсетпеді.

Быйыл Конохов ауданының барлық колхоздары бітік егін өсірді. Партия, совет ұйымдарының, МТС, колхоз басшыларының және ауыл шаруашылығы мамандарының қазіргі ең шұғыл міндеті бітік өсірілген егінді ысрапсыз жыйнап алуды үлгілі ұйымдастыру болып табылады. Олай болса аудан, МТС колхоз басшылары егін жыйнау және астық дайындау жұмысын ойдағыдай ұйымдастырып, бұл жұмыстарға қолда бар күш-мүмкіндіктерді толық пайдалануды қамтамасыз етулері қажет.

Комбайн — егін жыйнауға негізгі машина. Егін жыйнауды дерезінде өткізу комбайн қуатын өнімді пайдалануға тығыз байланысты. Сондықтан да әрбір МТС пен колхоз басшылары комбайн агрегаттарын жұмысқа толық қосуды бірге, комбайншылардың еңбек өнімділігін күн сайын арттыруына жағдай туғызып отырулары керек.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(өз ділшімізі).

Ғылым қызметкерлері мен ауыл шаруашылығы практиктерінің Орал сыртындағы колхоздағы кеңесі

МАЛЫЦЕВО. (Қурған облысы), 7 август. (СОПА). Бүгін таңертең Малыцево селосында колхоз тәжірибе станциясының территориясында арнаулы салынған павильонда ғылым қызметкерлері мен ауыл шаруашылығы практиктерінің кеңесі ашылды. ССРО ауыл шаруашылығы министрлігі шақырған бұл кеңес Қурған облысы, «Заветы Ленина» колхозының егін маманы Шадрин, тәжірибе станциясының директоры Сталиндік сыйлықтың лауреаты Т. С. Малыцевтің жұмыс әдістерін зерттеуге және таратуға арналған.

Кеңеске мыңнан аса адам жыйналды. Бұлардың қатарында одақтық және республикалық ауылшаруашылық және совхоздар министрліктерінің басшы қызметкерлері, ғалымдар, агрономдар, колхоз жа-

не совхоз өндірісінің озаттары, партия қызметкерлері бар. Кеңеске Қазақстан компартиясы Орталық Комитетінің секретары Пономаренко жолдас, Украин компартиясы Орталық Комитетінің секретары Вукобевский жолдас, ССРО совхоздар министрі Козлов жолдас, Қазақ ССР Министрлер Советінің Председатели Тайбеков жолдас, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының президенті Лысенко жолдас қатысауда.

Кеңесті қысқаша кіріспе сөз сөйлеп, ССРО ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Мацкевич жолдас ашты. Кеңестің күн тәртібін және жұмыс тәртібін бекіткеннен кейін Т. С. Малыцев жолдас баяндама жасады.


ЖАҢА ЖЕРЛЕРГЕ КЕЛУДЕ

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Батыс Қазақстанның жаңа жерлер игеріліп жатқан аудандарында әскер қатарынан келген жүздеген жауынгерлер еңбек етеді. Олардың көпшілігі бұл жерлерге тұңғыш рет қоныстанғандар.

Облыстық комсомол комитетіне Солтүстік флоттан хат келді. Онда теңізшілер қатарынан қайтатын бір топ комсомолец тың және тыңайған жерлерге келіп жұмыс істеуге тілек білдірген. Олардың

арасында әртүрлі мамандықтың адамдары бар. М. Федонев — шофер, Х. Хорунжий мен В. Кацавцев — слесарьлер, М. Маштак — киномеханик, О. Паукиппис — паровоз машинисінің көмекшісі, В. Шаповал — арматурщик.

Облыстық комсомол комитеті теңізшілерге мұндай мамандардың жаңа шаруашылықтар мен МТС-терге өте қажет екендігін хабарлап, оларды Батыс Қазақстанға келуге шақырды.



СУРЕТТЕ: Ленин ауданындағы «Новый путь» колхозында механикаландырылған қырманда астық тазалау. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Астық тасқыны

Облысымыздың егіншілері астық жыйнау және оны дайындау жұмыстарын күшті қарқынмен жүргізіп келеді. Осы күндері Петропавл элеваторының астық қоймаларына бидай тасып әкелуші көптеген аудандардың колхоздарынан машина тасқыны лек-лек болып ағылуда. Элеватор қоймасына Ленин, Октябрь, Припім, Петропавл, Соколов аудандарының колхоздары күн сайын мыңдаған пұт астық өткізуде.

Элеватордың қамтуындағы тоғыз бригаданың барлығы дерлік өз міндеттерін ойдағыдай атқарып, астық қабылдауда ешқандай кедергі болмауын қарастырған. Элеватордың барлық механизмдері дер кезінде сапалы жөндеуден өгіп, тоқтаусыз жұмыс істеп тұрғандықтан, үздіксіз қатынап жүрген машиналар кезек күтуді білмейді. Бұрнағы күннің өзінде ғана элеваторға 120 машина келіп астық өткізіп кетті. Ал, кешегі күні одан да көп машина бидай тасырды. Мемлекетке астық өткізуде Припсім ауданының Куйбышев атындағы колхозы басқа колхоздардың барлығының алдында келеді.

Б. АСҚАРОВ.

П А Р Т И Я Т У Р М Ы С Ы

Партия ұйымы—өндірістік өрлеуді ұйымдастырушы

Коммунистік партия мен Совет Үкметі халқымыздың күш-жігерін халық шаруашылығының барлық салаларын өркендетуге, сөйтіп, елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы ұлы күреске бағыттап отыр. Бұл зор мақсатты орындау үшін күресу үлкен коллективі бар Петропавл вагон жөндеу депосының да абройлы міндеті болып табылады.

Вагон жөндеу депосының партия ұйымы үлкен пен партия алға қойған бұл игі істі жүзеге асыру жолында бірқатар жұмыстар жүргізді. Мұнда бұқаралық-саяси жұмыс вагоншылар арасындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, сөйтіп, сменалық, айлық, жылдық жоспарларды мерзімінде және асыра орындауға бағытталған.

Депода үш цех партия ұйымы және 14 партия тобы бар. Цех партия ұйымдары мен партия топтары бұқаралық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарын өрістетуге арқылы барлық вагоншылардың көтеріңкі міндеттемелер алып, социалистік жарысқа ұштауына қамтамасыз етіп келеді.

Әрбір вагон жөндеуші өзінің күш-мүмкіншілігін жаңа жақты есептеп, көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдаған. Бұл міндеттемелердің орындауы бригаданың өндірістік жыйналыстарында талқыланады. Мұнда өндіріс озаттары шығарылып, жарыста озып шыққан бригадаларға «Мінсіз сапалы өнім шығару бригадасы» деген атақ беріледі, ауыспалы қызыл тулар тапсырылады.

Депо партия ұйымы, оның секретары Чекунов жолдас цех партия ұйымдарына, партия топтарының жетекшілеріне социалистік жарысты ұйымдастыруға, алынған міндеттемелердің орындауы барысын тексеруге оның орындалуына керекті жағдай туғызуға үнемі көмектесіп отырады. Партия бюросының мүшелері цех партия ұйымдарына жұмыс үстінде практикалық көмек көрсетіп, істегі кемшіліктерді жоюдың жолдарын көрсетеді. Еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің өзіндік құнын кемітуге бағытталған нақтылы шаралар белгілейді.

Партия ұйымы өзінің күнбе-күнгі жұмысында қосымша комсомол ұйымдарына сүйенеді. Партияда жоқ активтерді өзінің төңірегіне топтастыру арқылы партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырып отырады.

Бюро мәжілістерінде, сондай-ақ, партия жыйналыстарында депоньң финанш шаруашылық жұмысы, социалистік міндеттемелердің орындауы барысы және басқа актуалды мәселелер талқыланатын тұрады. Партия ұйымы жыйналыс қауымының орындауын үлгілі ұйымдастырып, оны үнемі бақылауға алып отырады.

Еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту, социалистік жа-

лар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты жақсартуға күнбе-күн баса көңіл бөліп келеді.

Бұқаралық-саяси жұмысты партия алға қойып отырған кәзіргі талаптарға сай жүргізу мақсатымен партия ұйымы қолынан іс келетін, қабілетті, білімді үгітшілерді іріктеп алды, сөйтіп, үгіт коллективінің құрамын коммунистермен, комсомолецтермен және партияда жоқ активтермен толықтырды.

Депю партия ұйымы үгітшілермен үнемі семинар-кеңестерін өткізіп тұрады. Мұнда бюро мүшелері, жоғары білімі бар мамандар июнь Пленумының қаулысы жөнінде, социалистік міндеттемелердің орындауы барысы туралы және басқа тақырыптарда баяндамалар жасайды. Бұдан кейін үгітшілер бір-бірімен пікір алысып, тәжірибе ауыстырады.

Бұл күндері депоньң үгіт коллективі партия ұйымының басшылығымен вагоншылар арасында СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын кеңінен насихаттап, оларды жаңа еңбек табыстарына жігерлендіруде. Үгітшілер цехтарда, бригадаларда газет, журналдардан, техникалық, көркем әдебиеттерден дауыстап үзінділер оқуды ұйымдастырып, түрлі тақырыптарда әңгімелер өткізуде.

Мұнымен бірге, үгітшілер цех бастықтарымен, бригадирлермен бірлесіп отырып, социалистік жарысты қорытындылап, жарыс озаттарын құрмет тақтасына жазып отырады. Қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығаруға көмектеседі. Онда озаттардың жұмыс үлгілері насихатталады. Өз міндетіне немқетті қарайтын, сменалық тапсырмасын орындамайтын кейбір жұмысшылар қатты сынға алынады.

Партия ұйымы қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктардың уақытылы шығып тұруына да жете көңіл бөліп отырады. Қабырға газетінің ролін күшейтіп, онда бүгінгі күннің талабынан туған мәселелерді жиі көтеріп тұру мақсатымен газеттердің редакторлығына тәжірибелі коммунистер бекітілді. Коммунист К. Сафронов, Ф. Васильев жолдасар және басқалары цех қабырға газеттерінің редакторлары болып істейді. Олар жауынгерлік листоктардың редакторларына газет бетінде қандай мәселені көтеру жөнінде, еңбек озаттарының іс тәжірибесін газет бетінде насихаттау жөнінде үнемі пайдалы кеңестер беріп отырады.

Депода партиялық-саяси және ұйымдастыру жұмысының анағұрлым жақсартылуы өзінің игі нәтижесін беруде. Депю бойынша жүк тасыйтын вагондардың осы жылдың жеті айындағы жөндеу жоспары 116 процент, ал, жолаушылар тасыйтын вагондардың жөндеуі 122 процент орындалды. Депю коллективі еңбек өнімділігін арттыру, оның өзіндік құнын кеміту мә-

де вагоншылар өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдады.

Депода еңбек озаттары көптеп саналады. Тимошин, Бергенов сыяқты партия тобының жетекшілері өзінің ісімен де, сөзімен де басқаларға үлгі көрсетіп, коллектив құрметіне бөленуде. Олар, басқарған бригадалар сменалық тапсырмасын үнемі 130-150 проценттен орындайды. Коммунистер К. Белоусов, П. Здорнов жолдасар күнделікті тапсырмаларын 307-308 проценттен орындап жүр. Олардан Л. Карманов, Г. Друшинин де қалар емес. Аталған коммунистер өндірісте авангардтық рол атқарумен бірге, басқа партияда жоқ вагоншыларды да жаңа еңбек табыстарына жұмылдырып отырады.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының қаулылары бұрын ел мекендемеген тың жерлерді игеру арқылы елімізде астық молшылығын жасау, жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз ету міндетін қойды. Депоньң көптеген вагоншылары Пленум қаулыларын шын жүректен қолдап, жаңа жерлерге баруға тілек білдірді. Депоньң бұрынғы инженерлері Шевченко, және Пашнин жолдасар кәзір МТС директорлары, ал, Орешин МТС-те механик болып істейді. Көптеген жас вагоншылар өздері сүйген механизатор мамандығын меңгеріп, бұл күндері облысымыздың егіс далаларында еселенген қарқымен еңбек етіп жүр.

Вагон депосы Подудень ауданының Ново-Георгиев және Калинин атындағы МТС-ін қамқорлыққа алған болатын. Депю коллективі бұл МТС-терге және өзі қамқорлыққа алған осы ауданның Мелетов атындағы колхозына көптеген құрылыс материалдарын, вагоншалар, машинаның қосалқы бөлшектерін берді. Вагоншылар өздері қамқорлыққа алған МТС-терге үзбей барып, олармен достық қарым-қатынас жасап тұрады.

Дегенмен, вагон жөндеу депосы партия ұйымының жұмысында кемшіліктер де жоқ емес. Партия ұйымы еңбек озаттарының жұмыс үлгісін көпшілік игілігіне айнадыру ісін әлі де болса қанағаттанғысыз ұйымдастырып отыр. Жекелеген бригадаларда бұқаралық-саяси жұмыстың дәрежесі төмен. Мұның өзі еңбек тәртібінің жақсаруына керісінше әсерін тигізуде. Партия ұйымы әлі де болса, кейбір жекелеген коммунистердің, вагоншылардың сменалық нормасын орындауына жетісе алмай келеді.

Депю партия ұйымының бұл кемшіліктерді деркесінде жойып, вагоншылардың арасында бұқаралық-саяси жұмысты өрістетуге арқылы әрбір цехтың, әрбір бригаданың және жекелеген вагоншылардың социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін мер-

Фабрика коллективінің көмегі

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын жүзеге асыруда, қоғамдық малға жемшөп қорын дайындауда, егін жыйнау, астық тапсыру жұмыстарын үлкен белгілеген жысқа мерзімнің ішінде аяқтап шығу ісінде ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне нақтылы көмек көрсету мақсатымен қаладағы «Комсомолка» тігін фабрикасының коллективі бірсыпыра жұмыстар істеді.

Фабрика дирекциясы мен партия ұйымы облысымыздың МТС-тері мен колхоздарына өткен айдың ішінде 60 адам жөнелткен болатын. Бұдан 23 адам Соколов ауданындағы қамқорлыққа алған «Путь Ленина» колхозында шөп дайындауға жұмыс істеп жүр.

Фабрика егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарында тікелей істеу үшін облысымыздың колхоздары мен совхоздарына тағы да 70 адам жібермек болып отыр. Колхоз даласына көмекке барушылардың фабрикада айлық табысы сақталатын болады. Тігін фабрикасының коллективі кәзірдің өзінде 56 адамды Преснов ауданындағы Баян МТС-не жөнелтті.

А. ҚАЛИЕВ.

КОЛХОЗ КЛУБЫ

Булаев ауданындағы Комитерн атындағы колхоздың орталық көнесінде әлемімен салынған үлкен үй тұр. Бұл — елдегі мәдениет орталығы — колхоз клубы. Ол өзінің жұмысын колхозшылардың күннен-күнге өсіп отырған мәдени және рухани тілегіне сай жүргізіп келеді. Мұнда күн сайын кешке ойын-сауықтар өткізіліп, кинофильмдер көрсетіледі. Оларды тек жастар ғана емес, сонымен бірге, қарт колхозшылар да сүйсіне көруде.

Клубтың бір бөлмесіне оқу үйі орналасқан. Сөздік интеллигенттердің күшімен мұнда түрлі тақырыптарға лекциялар оқылап, баяндамалар жасалып тұрады.

Еңбеккүнге шөп берілді


Октябрь ауданындағы Чапаев атындағы ауылшаруашылық артелиінде 12 мың центнердей шөп маяға үйілді. Колхоз мүшелері қоғамдық мал үшін жемшөп дайындауда қажырлылықпен еңбек етіп жүр.

Колхоз басқармасы мал азығын дайындауда жүрген пішінілердің талқан еңбеккүшіне маялған шөптің 10 проценті есебінен шөп беруде. Пішінілер бригадасының мүшелері Ковалев, Жарқынов, Крищенко, Кәрібаев жолдасар және басқалары кәзірдің өзінде еңбеккүндеріне авансқа 60—30 центнерден шөп алды.

М. МАРАТОВ.

СЫЙЛЫҚ АЛДЫ

Преснов ауданындағы Приветим совхозы



Петропавл паровоз депосындағы механикалық цехтың комсомол-жастар бригадасы үздік еңбек студе. Мұндағы қарь Проконий Некрасов сменалық нормасын 300 процент орындайды. Тораптың комсомол комитеті жарыста ногіне ауыспалы вымпел орнатты.

СУРЕТТЕ: коммунист-бригадир В. Шмагнов (сол жақта) П. Некрасовтың жұмысын тексеріп тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

ҚЫЗЫЛ ТУЛЫ ЦЕХ

Жұмысқа келе жатып П. Носков бұдан бір жыл бұрын завод коллективінің жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерінің жыйналысында бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен 3 жыл 8 ай бұрын орындауға алған міндеттемесін есіне жиі түсіреді.

Бүгін де ертемен тұрып, асыға басып келе жатқан оның көз алдына Отанымыздың кең-байтақ жерінде өзі сыяқты мыңдаған адамдардың завод пен фабрикаға, пішін жыйнау мен астық қырманына еңбек етуге кетіп бара жатқаны елестейді. Заводтағы слесарь мен токарь, колхоз даласындағы егінші мен малшылар, тракторшы мен комбайншы — барлық совет адамдарының тілек-мақсаты бір. Бәрінің де арманы бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолында аянбай еңбектеніп, еліміздің экономикалық құлатын еселей беру. Осыны ойлап, ой толқынына шомған ол өзінің қаттырақ аяндағанын байқамай да қалды. Сонан соң қол сағатына қарап, жұмыс басталатын уақыттың жақындағанын көрді. Заводқа жұмыс уақытынан 15 минут бұрын келді. Ол күндегі әдеті бойынша ештеңеге бөгелместен станоктың түзулігін байқап, майлап алды да, двигатель бөлшектері дайындалатын төртбұрышты жұқа бөлгітарды станоктың жанына даярлап қойды.

Кең залдың іші адамдарға толып, әр жерден жұмыс орыны тазаалап жатқандардың бір-бірімен сөйлескен сөздері естіле

көптеген жаңашылдық ұсыныстары да бар. Кәзірде завод өндірісіне кеңінен енгізілген ұсынысының бірі шлангының басына кигізілетін жұқа қаңылтыр қақпақты жасаудың жаңа жұмыс әдісі еді. Бұрын бұл қақпақ қолдан жасалып, бірнеше өңдеуден өтсе, кәзірде ол бір-ақ өңдеуден өтеді. Бұл әдіс еңбек өнімділігін арттыруға көмектесті. Бұған дейінгі оның өзіндік құны кәзір екі есе кеміді.

— Міне, мынау регулятордың қақпағы, — деп станоктың жанындағы ағаш жәшікке ұқынты жыйналған дөңгелек қаңылтыр қақпақтарды алып көрсетті. Содан кейін: — Бұл бұрын үш өңдеуден өтетін: әуелі құю цехынан келген қаңылтыр белгілі мөлшерде төрт-бұрышты болып кесіліп, кейіннен ол дөңгелеке жоньлатын. Содан кейін ғана оған регуляторға бекітетін винт тесіктері тесілетін. Ал, кәзірде менің ұсынысым бойынша, мынау пресс станогіне салып бір-ақ рет кесіп даярлаймыз. Цехта еңбек өнімділігін арттыруға ұсыныс жасап жүрген жалғыз мен ғана емес. Міне, мынау бөлшек біздің цехтың бастығы М. Григорьев жолдастың ұсынысы бойынша істеді, — деп біздің жанымыздағы цех бастығына жамья қарады да «өз өнерінді өзін түсінідір» дегендей бөлшекті Григорьевқа ұсынды.

Расында да цехта еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп жүргендер көп. Бесінші разряд слесары Н. Грудинин кәзірде жаңа двигательдердің бөлшектерін жасауды

Механикаландырылған МАЙ ЗАВОДЫ



Красноярка селосы көркемдік жағынан алғанда Соколов ауданындағы біркелкі тәуір селолардың бірі дерліктей. Жалпы шөбі жайқалған кең алаңға тәртіппен қатарласа қона қалған ақ шағалалардай болып, сондайың көз тартқан село үйлері сәнді-ақ. Осы селоның тап ортасында әдемілен салынған үлкен бір құрылыс үйі бар. Айнала егілген бұйра талдар мен әртүрлі екіе ағаштар оны сәулеттедіріп тұрады. Осы құрылыстан шыққан электр двигожінің алып үнмен бірқалыпта шыққан дыбысы күні-түні бір басымайды. Кеш болысымен-ақ бүкіл селоға ақшыл нұрлы жарық сәулесін төгіп жіберетін самсаған электр шамдары да тек осы арада ғана.

Бұл — селолық май заводы еді. (жоғарғы суретте).

Завод көп жылдан бері істеп келе жатса да, ондағы жұмыс процестерінің түгелдей механикаландырылғанына көп уақыт өткен жоқ. Небары бір-ақ жыл болды. Одан бұрын жұмыстың басым көпшілігі қол күшімен істелетін еді. Көзір завод цехтарында адам күшімен атқарылатын жұмыс көрмейсіз, бәрі механикаға берілген, машинамен атқарылады.

Осылайша механикаландырылу заводтағы түрлі жұмыс процестерінің барлығын орындауға кететін уақытты екі есеге жақын азайтуға мүмкіндік туғызып отыр. Бұрын 16—17 сағатқа, кейде одан да көпке созылып кететін жұмыс процестері кәзір, небары 7—8 сағаттың ішінде-ақ орындалып шыға береді. Сонымен бірге ондағы жұмыс істейтін адамдардың саны да едәуір азайды. Заводтың май және сыр жасайтын екі цехында небары 7-ақ адам жұмыс істейді.

Бұрын мұнда болмаған адам осы заводтың цехтарын аралап көрсе, түрліше қызықтарға кез болар еді. Мұндағы ең үлкен цех — май айыратын цехтың (екінші сурет) жұмысын екі-ақ адам атқарады. Ішіне әдепнеше ондаған литр сүт, қаймақ құятын, май айыртқыш үлкен барабанның жайлап қана, бір қалып-

айтылған кемшіліктерді болдырмауға Анна Антоновна Велижанская да әбден шеберленіп алған. Міне, Анна Антоновна қаймақтың жылылық температурасын өлшеп тұр.

— Геннадий Иванович, қаймақтың жылылығы белгілі мөлшерге жақындап қалыпты, — дейді ол, кейін бұрылмаған қалшында градусниктен көз алмастан.

— Ендеше мен де жақынмын, кәзір барабанды тоқтатамын, — деп жауап береді май айырудың шебері.


Үшінші суретте біз қаймақты бұға қайнату бөлімін көреміз. Бұл бөлімнің жұмысының да өз алдына ерекшелігі күшті-ақ. Мынау үлкен бактердің ішінде қыздырылған бу болады. Ол будың жылылық температурасы төмендемей үнемі бірқалыпта болуы керек. Ал, бактердің арасын жалғастырып тұратын жуан түтіктер арқылы қаймақ жүреді де бұға қайнап шығады. Сөйтіп, ондағы бар түрліше микробтар жойылып, жоғары сортты болып магазинге салып сатарлықтай дәрежеге жетеді.

Завод бүкіл Соколов ауданын түгел-

дей қамтыйды. Оған май айыртқыш, сыр жасатуға ауданға қарасты 15 колхоздың барлығынан да адамдар ағылып келіп, кетіп жатады. Ал, енді оқушыларға заводтың өндіргіштік күшін шамамен таныстыру үшін бұл жерде мынадай бір тартымды цифрды келтіріп өтейік. Мұнда орта есеппен тәулігіне 200 центнер сүтті майын айырып шығаруға болады. Ал, мұны литрге шағып есептегенде 25 мыңға жақындап барып қалады. Егер, осы есепке қарап, заводтың бір айда майын айыру мен сыр жасаудан өткізілген сүтті жыйнап қосатын болсақ, одан кішігірім бір көл жасауға әбден болар еді.

Завод цехтарында тәулігіне біржарым тонна май, сол сыяқты, 7—8 центнер сыр жасалынып шығады. Ал, мұнда өндірілетін өнімдердің сапасы мен құнылығы қандай жақсы, ерекше тапсырмалар арқылы жасалатын «жестра» деп аталынатын қымбатты май осында жасалынып шығады ғой.

Село орталығындағы механикаландырылған май заводы адамның көзіне қаладағы өндіріс орындарын елестеткендей.



Қала мәдени-ағарту мекемелерінің селоға көмегі

Бұл күндері бүкіл еліміздің еңбекшілері туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметі алға қойған бүкілхалықтық міндет — еліміздің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету күресіне белсене араласуда. Кәзірлі уақытта өнеркәсіп орындары, социалистік ауыл шаруашылығының құрметті жақандарын аброймен орындауда. Советтік интеллигенция деревнядағы шаруашылық және мәдениет құрылыстарын кеңінен дамытуға, ауыл шаруашылығы озаттарының іс-тәжірибелерін, ғылымның соңғы жаңалықтарын жете насихаттауға көмектесуде.

СОКН Орталық Комитеті июнь Пленумы алға қойған міндеттерді жүзеге асыруда мәдени-ағарту мекемелері де көп жұмыс істеуге тиіс. Мәдени-ағарту мекемелері ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету күресінде еңбекшілер арасында саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын кеңінен жүргізуде жергілікті партия ұйымдарының ең сенімді көмекшілерінің бірі болуы керек.

Бұл құрметті міндетті түсінген қаланың мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері быйылғы жылы селоға мәдени-көмек көрсетуде айтарлықтай жұмыстар жүргізді. Көктемгі егіс және қоғамдық малға берік жемшөп қорын жасау кезінде қаланың мәдени-ағарту орындары 63 рет облыстың колхоз, совхоз және МТС-терінде болып, оларға концерттер көрсетті, лекциялар оқып, баяндамалар жасады, өңгімелер өткізді, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарды шығаруға көмектесті. Қаланың мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері бұл уақыттар ішінде егіншілер мен пішеншілер үшін саяси және шаруашылық тақырыптарда 36 лекция оқып, баяндама жасады, 50-ден астам концерттер көрсетіп, онға жуық көркем әдеби кештерін өткізді. Қаланың мәдени-ағарту мекемелерінің күшімен ұйымдастырылған мәдени үгіт бригадалары трактор бригадаларында, дала қостарында болып, егіншілер мен пішеншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарды өрістетуге көмектесті.

Село еңбекшілеріне мәдени көмек көрсетуде қаладағы В. И. Ленин атындағы клубтың (директоры Бондаренко жолдас) көркемөнерпаздар коллективі зор жұмыстар істеді. Олар 11 рет колхоз бен совхоздарда болып, егіншілер мен пішеншілерге концерттер беріп, лекциялар оқыды. Клубтың көркемөнерпаздар коллективі Совет ауданы ауылшаруашылық озаттарының көктемгі егіс жұмыстарының аяқталуына арналған кеңесіне қатысушыларды мәдени қамтыды. Сөйтіп, олар 3 мыңнан астам село еңбекшілеріне концерт берді. Ленин атындағы клуб коллективі тек мұнымен қанағаттанғын қойған жоқ. Олар сонымен бірге селолық жерлердегі мәдени-ағарту мекемелеріне методикалық және практикалық көмектер көрсетуді де ойлағандай жүзеге асырып келеді. Мәселен, олар өздері қамқорлыққа

алған Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» ауылшаруашылық артелінің мәдени-ағарту орындарына зор көмек көрсетті. Колхоз кітапханасының жұмысын ұйымдастыруда, колхозшыларды мәдени қамтуда кітапхананың қандай жұмыс істеуге тиіс екендігі жөнінде ақыл-кеңестер беріп отырды. Сонымен бірге, олар колхоз кітапханасына 1 мың дана кітап жыйнап берді, түрлі тақырыптарда 5 фотомонтаж бен стендтер жабдықтауға көмектесті.

Қаладағы А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинаты клубының коллективі де селолық мәдени-ағарту мекемелеріне көмектесуде елеулі жұмыстар істеді. Мәселен, олар Шаховское совхозы көркемөнерпаздар үйірмесі мүшелерімен арнаулы семинарлар өткізіп, онда селолық жерлерде мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізудің әдістері туралы мәселе талқылады. Бұл клубтың көркемөнерпаздар үйірмесінің мүшелері Совет ауданының 7 колхозында болып, оларды мәдени қамтыды.

Ойқаладағы үй шаруасындағы әйелдер хоры қаладағы үлгілі көркемөнер коллективінің бірі. Олар Петропавл ауданының колхоздары мен совхоздарында жиі болып тұрады.

Қаладағы кітапханалардың барлығы Петропавл ауданының колхоздары мен совхоздарындағы кітапханаларды қамқорлыққа алған. Олар бұл мәдени-ағарту мекемелеріне методикалық және практикалық көмектерді үзбестен көрсетіп келеді. Мәселен, № 1 және № 2 қалалық кітапханалар (менгерушілері Юрьева және Дроздова жолдасстар) Петропавл ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздағы оқу үйіне, Сталин атындағы колхоздың кітапханасына нақтылы көмектер көрсетті. Ал, қалалық № 1 техникалық әдебиеттер кітапханасы осы аудандағы Калинин атындағы колхоздағы оқу үйіне зор көмек көрсетті. Кітапхана менгерушісі Полянская жолдас көктемгі егісті өткізу және қоғамдық малға берік жемшөп қорын дайындау кезінде еңбекшілер үшін бірнеше тыныштық кештерін ұйымдастырды. Сол сыяқты, ауылшаруашылық тақырыптарына арналған фотомонтаждар жабдықтап, техникалық әдебиеттер көрмесін ұйымдастырды. Бұл кітапхананың коллективі колхоздың трактор бригадалары мен дала қостарында жиі болып тұрады. Мұнда олар механизаторларға техникалық әдебиеттер жөнінде де елеулі көмектер көрсетуде. Мәселен, кітапхана қызметкері Кузнецова жолдас механизатор Иванов пен оның жолдасарының ауылшаруашылық машиналарының құрылысы жөніндегі техникалық әдебиетке зор екендігін байқап, олардың бұл мұқтажын өтеу үшін қалалық кітапханадан арнаулы техникалық әдебиеттерді жеткізді.

Қаланың мәдени-ағарту мекемелері селоға көмектесудегі өздерінің тәжірибелері

туралы үнемі пікір алысып отырады. Мәселен, жуырда болып өткен кітапхана қызметкерлерінің қалалық кеңесінде селолық кітапханаларға көмек көрсетуінің әдістері талқыланды. Кеңеске қатысушылар селоға арнаулы тақырыпқа арналған көрнекті кеш ұйымдастыруды ұйғарды. Бұл кештің тақырыбы тың және тыңайған жерді игерудің халық шаруашылығын өркендетудегі маңызы туралы. Кешті өткізуге құрамында 3 адам бар комиссия құрылды. Жуырда 25 адамнан құрылған коллектив Петропавл ауданының 3 колхозында болып арнаулы кеш өткізді.

Қалалық мәдениет бөлімінің инициативасымен жуырда қалалық мәдениет және демалыс паркінде Петропавл ауданы колхоздарының колхозшыларына арнап кеш өткізілді. Оған ауыл шаруашылығында істейтін 2 мыңнан астам адам қатысты. Олардың көпшілігі колхоздан келгендер. Кешке қатысушылар үшін қаланың артистері мен көркемөнерпаздар үйірмелерінің таңдаулы мүшелері концерт берді.

Қаланың мәдени-ағарту мекемелері ауылшаруашылық жұмыстарының ең жауапты кезеңі — егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру маусымында село мәдени-ағарту орындарына еңбекшілері мәдени қамту жолында көмек көрсету үшін қызу дайындалуда. Қалалық мәдени ет және демалыс парк элеваторда жұмыс істейтін және мемлекетке астық тапсыруға келген адамдарды мәдениетті қамтуы өз қамқорлығына алды. Парк суретшілері элеваторды әдемілеу үшін облыстың озат адамдарының портреттерін жасады. Ал, қалалық № 2 кітапхана элеватор жанынан оқу залын ашып, онда егіншілерді мәдени қамтуға кірісті.

Қалалық мәдениет бөлімі егін жыйнау және астық дайындау кезінде селоға көмек көрсету жұмыстарының жопарын жасады. Мұнда селолық жерлердегі егіншілерді мәдени қамтудың барлық түрлері қарастырылған.


Әрине, селолық жерлердегі мәдени-ағарту мекемелеріне көмек көрсетуде әлі де болса біраз кемшіліктерге жол беріліп келеді. Әресе, қаланың өнеркәсіп орындарының көркемөнерпаздары селолық жерлерде өте сирек болады. Сол сыяқты, селолық мәдени-ағарту мекемелеріне методикалық және практикалық көмек көрсету ісі өз дәрежесінде емес. Бірақ, біздің бұл кемшіліктерді жоюға толық мүмкіншілігіміз бар. Қалалық мәдениет бөлімі селолық мәдени-ағарту орындарына көмек көрсетуде үзбестен отырған кемшіліктердің жою шараларын белгілеп, оларды жүзеге асыруды кәзірлі таңдағы бұқты міндеттердің бірі етіп қойып отыр. Сөйтіп, қаланың мәдени-ағарту мекемелері бүкілхалықтық міндет — ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету күресіне өз үлестерін қосатын болады.

А. АДЛЕР,

Қалалық мәдениет бөлімінің инспекторы.

күйылған сүт, қаймақтың майы әсетте бір бөлек айырылып шыға келеді. Барабаншыл жүрісін бірқалыпқа түсіру, қақпағын бекіткен бұраңдалары босап кетіп, ішіндегі сұйық заттың төгілмеуін қадағалау, сағатқа қарап тұрып майдың айырылатын мезгілін дәл білу бөгде адамның қолынан келе қоймас еді. Бірақ, Геннадий Иванович Агафановқа оның оншалықты қиыншылығы жоқ. Агафановтың өз мамандығын әбден игеріп, тоселін алғандығы соншалық, ол заводта «май айырудың шебері» деп аталады.

Барабанға күйылатын қаймақтың жылдылығы белгілі мөлшерге дәл келудің де үлкен мәні бар. Егер қаймақ тым ысыл кетсе, не салқын болса одан алынатын майдың сапасы мен өнімділігі кемиді. Дәмі де сүйсінерліктей бола қоймайды. Бұл



Сөзін жазған Е. МЫРЗАХМЕТОВ.

Суретті түсірген А. РОЗЕНШТЕЙН.

Заводтың ертеңгісі бүгінгісінен де сәнді, сәулетті болмақ. Оның қамтытын ауданы да кеңейіп, шығаратын өнім молая түседі. Сол сыяқты, жұмыс процестері кәзіргіден де күрделіленіп, өндіретін май мен сырдың сапасы жақсара түспекші.

Бесінші бесжылдықтың озаттары

ЕҢБЕКПЕН ӨСКЕН ЕКІ ДОС

Кешкі тымық ауада дауысы алыстан естілген паровоз жазық даламен шектесіп жатқан қала шетіне жақындап келеді. Машинист паровоз әйнегінен дала мен қала шетіне көз жүгіртулі. Паровозды алып келе жатқан машинист Алексей Трибунский. Ол паровоздың жүру жылдамдығын азырақ кеміткен еді. Көп уақыт өтпей-ақ ауыр салмақты жүк тиелген состав станция вокзалынан өтіңкіреп барып тоқтады.

Паровоздың тоқтауын асығыс күтті ме екен, әлде бір жұмысы болды ма, баспалдақтан секіріп түскен орта бойлы сары жігіт, кішкентай темір жөнігің қолызы алып, жүгіре басқан қалыңда паровозды айналып өтті. Бұл машинистің көмекшісі Лукьяненко еді.

—Лексей, механизмдер кешегі сапарға шыққандай. Осы составты Есілжөлге дейін анарсақ та механизмдер біз өкінбейтіндей көрінеді, —деді көмекші. Ол қуанышты еді, әрі асығыс та жүрді. Ал, ол асыққанда өзінің жолдасы машинист Трибунскийді бала сыяқтандырып Лексей деп атайтын әдеті еді.

Жаңа ғана Макушин станциясынан ауыр салмақты жүк тиелген составты әкеліп тұрған № 795 паровоздың машинисі Алексей Трибунский, оның көмекшісі Лукьяненко, кочегары Сухостовский еді. Бригада мүшелері —машинист, машинистің көмекшісі, кочегар — комсомолцтер.

Паровоз депосына іргелес салынған үлкен қызыл қарағай үйі. Бұл үйде машинистердің біреулері сапарға шығуға жолдама алып, ал, енді біреулері сапардағы еңбектерінің қорытындысын естуге күш сайын көптеп жыйналатын үйдің алдығы алаңында да бір-ақ адам көрінеді. Олардың ішінде: өз сапарларындағы жоспарды артығымен орындап, енді темалық уақытын пайдалануға үйлеріне қайтуға ыңғайланған машинистер Воронков, Слюнь-

ко, Фоменко, тағы басқалары бар еді. Қалжың сөздің қызуына түсіп, қарқылдаса күліп тұрған бұлардың тыныштығын паровоз тоқтаған жаққа қарап тұрған Воронков бұзып жіберді.

—Достар, Алексей де келіп қалыпты. Өне бізге қарай келе жатыр. Жүріңдер, қарей алайық. Сапарын қалай аяқтады екен, білейік—дегенше болмады, көтеріңкі көңілмен қатты даурыға әңгімелескен Алексей Трибунский басқарған бригаданың мүшелері келіп үлгерді.

—Алексей, бүгінгі сапардағы қол жеткен табысыңмен құттықтаймыз. Келешекте де жаңа табыстарға жетуіңе ың жүректен тілектестік білдіреміз, —деген сөзді Фоменконың айтып үлгеруі —ақ мүң екен:

—Бұл сапарыңда жоспардан тыс қанша жүк апардың?

—Барып қайтуыңда қанша уақыт үнемдедің?

—Үнемделген отын неше тонна болды? —деген сұрақтарды тұрғандар жан-жақтан жаудырып жатты.

Алексей мақтануды білмейтін және мақтана сөйлеуді ұнатпайтын комсомолец. Ол жолдастарының сұрақтарына сабырмен жауап беріп, өзінің барып келген сапарын баяндап айта бастауға асықпанды.

Оның асықпауы істелген жұмыстың көрсеткішін, оның қанағаттануға тұрарлық деп тоқмейілгендігі келмейтіндігінен жоғары көрсеткіштерге жетуіміз керек және жетуімізге болады деп ойлағандығынан еді.

Алексейдің бұл мінезіне разы болмай, алған әсері мен ойындағысын айтпай қала алмайтын машинистің көмекшісі Лукьяненко паровоз бригадасының осы сапардағы жұмысын баяндай бастады.

—Біз кеше кешке ғана паровозды қабылдап алдық. Сапарға шыққанда механизмдердің ешбір бөгетеіз жұмыс істеуінде толық қарастырдық. Керекті көмір, су

қорын да жеткілікті күйіп алып, белгіленген уақытта Макушин станциясына жүріп кеткен едік. Барарымызда жоспардан тыс 490 тонна жүк тиіп апардық. Ал, қайта оралғанымызда 300 тонна жүк артық тиіп әкелдік. Бұл сапарымызда да су алу үшін ешбір станцияға тоқтағанымыз жоқ. Ауыр салмақты жүк тиеткен екен деп паровоздың жүру жылдамдығын кеміткеніміз жоқ. Жолшыбайғы дңгектер мен бұталар көз ілепей қалып, тоғайлар мен көлдер шыр көбелек айналып, соңымыздан еріп келе жатқандай болды, —деді Лукьяненко игіні көгеріп, көздері жымылдап.

—Лукьяненко! —деді Трибунский дауысын көтеріңкіреп, оның жеңілдетсе сөйлегенін ұнатпаған кезекшімен.

—Лексей, немене? Менің сөзім жалған ба? —деді Лукьяненко өткір көздері отша жарқырап.

—Расы рас қой...

—Онда несі бар? Сен кішіпейілдік ет, мен үндемеймін. Сонда істелген істі паровоз өзі сөйлейме? —деді Лукьяненко. Содан кейін ол үзілген әңгімесін қайта бастады.

—Ал, барып қайтуымызға график бойынша 19 сағаттық уақыт берілген. Біз поездды айналымға бір сағат бұрын бердік. Сөйтін, паровоздың орта тәуліктік жүру жылдамдығын 360 километрден асырып отырмыз, —деп аяқтады машинист көмекшісі Лукьяненко.

Партиямыз бен үкметіміздің ауыл шаруашылығын игуғал өркендету, астық өнімінің молшылығын тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен молайту жөніндегі қаулысын бүкіл еліміздегідей біздің Петропавл депосының машинистері де бірауыздан қолдап, еліміздің ірі қалалары Харьков, Москва, Горький еңбекшілерінің Қазақстан мен Сибирьге жіберген тракторлары мен автомобильдерін, тіркеу саймандарын көптеп әкелумен бірге

жоспардан тыс мыңдаған тонна жүктер тиіп, оларды держестен жеткізуде бірталай жұмыстар істелген.

—Біздің мақсатымыз —совет адамдарының бақытты және қуанышты тұрмысын мұнан да жақсартпа беру тілегіне сай жұмыс істеп, партия сенімін ақтау! —дейді озат машинист Алексей Трибунский жолдас.

Бригада өзінің берген уәдесін аброймен орындап келеді. Өткен июль айының өзінде ауыр жүк тиелген 15 состав Макушин мен Есілжөл станцияларына графиктен бұрын жеткізілді.

Олар Петропавл станциясынан тиелген составтарды ағытпастан тез тіркеп, ілгері жүріп кету әдістерін кең өрістетті. Локомотивтің үнемдеген отыны 20 тоннадан артық. Паровоздың ай бойындағы орта тәуліктік жүріс жылдамдығы орта есеппен алғанда 350 километр.

Бұл комсомол жастар бригадасы еліміздегі озат машинистердің бастамаларын кеңінен қолдап, паровоздардың жолда қосымша су алмастан жүруін қамтамасыз етіп келеді. Петропавл станциясынан Есілжөл, Макушин станцияларына жолда қосымша су алмастан ауыр жүк тиелген 11 состав жеткізді.

Петропавл темір жол бөлүмшесінде еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп жүрген жалғыз Алексей Трибунский бастаған бригада емес, мұнда ондай бригадалар күн санап көбейіп келеді. Осындай өндіріс озаттарының қатарына комсомолец Иван Замковой басқарған бригаданы қосса болады. Мұнда да өз мамандықтарын сүйіп істейтін, техника тілін толық меңгерген жастар аз емес. Көмекші Василенко, кочегар Ржевский осындай адамдар.

Иван Замковой басқарған бригаданың мүшелері: машинист көмекшісі Василенко, болмаса кочегары Ржевскиймен кездесіп кетсеңіз: ұлан-байтақ Отанмыздың ол шеті мен бұл шетін байланыстырып, халық шаруашылығына керекті заттарды еліміздің қалалары мен селоларына үзгісіз және уақытында жеткізіп отыратын, өндірістегі мыңдаған завод, фабрикалардың тоқтаусыз жұмыс і-

бын өлді.

Мұнымен бірге, ауыл-селолар мен МТС-терге 85,5 мың сомның әдебиеті, көсемдердің суреттері, плакаттар мен ұрандар жіберілді.

Көктемгі егіс жұмыстары кезінде орталық магазинде ауыл шаруашылығы мамандары үшін арнаулы кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен бірге, МТС-терді, колхоздар мен совхоздардың бригадаларын кітаппен қамту үшін Преснов, Мамлют аудандарында кітап жеткізіп сатушы 2 адам бөлінді. Олар 5 мың сомның кітаптарын сатты.

А. ЖӘКЕНОВ.

да тарихи және көркем әдебиет, ауыл шаруашылығы әдебиеттерінен 1533 кітап бар. Сол сыяқты, кітапхана газет, журналдарды үнемі алдырып отырады. Кітапхананың оқу залында кітап оқуға, шахмат, дойбы ойнауға жағдай толық жасалған.

Кітапхана меңгерушісі Петренко жолдас кітапхана жұмысын жүргізуге село интеллигенттерін үнемі қатыстырып отырады. Олар кітапханада лекциялар оқып, баяндамалар жасайды, кітап оқушылар конференцияларына қатысып отырады.

Бұл кітапхана егін орағы кезіндегі үгіт-бұқаралық жұмыстарды қызу жүргізуде жергілікті партия, комсомол ұйымдарына ойдағыдай көмек көрсетуде.

Ш. АЙТАҒАНБЕТОВ.

теуіне де зор үлес қосатын біздің теміржолшылар, —дейді.

Тек үстіміздегі жылы Қазақстанға тың және тыңайған жерлерді игеруге еліміздің ірі қалаларынан, Краснодар және Ставрополь өлкесінен, Калинин, Ярославль, Ленинградтан мыңдаған комсомолецтер және одақта жоқ жастар келді.

Жаңа қоныстанған патриоттарға өнеркәсіп, азық-түлік, ауыл шаруашылығына, құрылысқа керекті құрал-саймандарды да темір жол транспорты жеткізуі керек.

Осы міндеттерді теміржолшылардың абройлы орындап шығуы үшін партиямыз бен үкметіміз үнемі әкелік қамқорлық жасап келеді. Тек соңғы жылдарда елімізде мыңдаған километрлік темір жол салынып, пайдаланылуға берілді. Онымен бірге, жаңадан жұмысқа қосылатын паровоз, вагон сандары жыл сайын көбейіп келеді.

Осындай бақытты өмірімізді гүлдендіре беруге, еліміздің экономикасының қығайып, күшейе беруіне, совет халықтарының әл-ауқатын жақсартып, мәдениетін гүлдендіре беруге, біз әр уақытта адал еңбек етіп, ауыр жүк тиелген поездарды көп және уақытынан бұрын жеткізуде еңбектің тамаша үлгісін көрсету, —біздің бригаданың алдына қойған басты міндеті болып отыр, —дейді аға машинист Иван Замковой жолдас.

Иван Замковойдың бригадасы шынында да берген уәдесіне берік екен, — ол бригаданың соңғы айлардағы және соңғы сапарларындағы жұмыстарынан ақ көрініп тұр.

Бригада мүшелері мерекенің соңғы күндеріндегі сапарында 3670 тонналық жүк тиелген ауыр салмақты составты Макушин станциясына уақытынан бұрын жеткізіп, қайта оралғанында 810 тонна жүкті артық тиіп әкелді. Ауыр салмақты поезд Петропавл станциясына графиктен бір сағат бұрын келді.

Иван Замковой бригадасының айлық көрсеткіші Петропавл депосының коллективін қуантқандай еді. Бригада соңғы айдың өзінде 14 ауыр жүк тиелген составты ағытып тіркеуге уақыт кетірмеген Макушин және Есілжөл станциялары-

на жеткізді. Бұл составтармен мыңдаған тонна жүк апарылды.

Алексей Трибунскийдің машинист болып қызмет атқарғанына 2 жыл. 1948 жылы Петропавлдағы темір жол училищесін үздік оқын бітіріп, еңбек майданындағы өзінің алғашқы аяғын көчегарлықтан бастады. 1953 жылы Алексей машинистің көмекшісі болып тағайындалды. Бір жылдан кейін машинистер даярлайтын күреске жіберілді. Алексей күресте оқып жүрген күндерінде де өзінің еңбек сүйіштігін, ұқыптылығын, білімге, еңбекке деген дұрысын жолдастары мен оқуғушыларына көрсете білді. Сөйтін, 1952 жылы машинист деген атақ алып, № 795 паровозымен алғашқы рет сапарға шықты.

Алексейдің адал еңбегінің табысы за ай сайын артып отыр. Еңбекақысы оның мәдениетті тұруына, үй ішіне қымбат бағалы мүліктер алуына еркін жетеді. Ол еңбегіне июль айының өзінде ғана 3500 сом ақша алды.

Осы аз уақыттың ішінде Алексейдің еңбек кітапшасына «Жоспарды артық орындағаны үшін!» Ауыр салмақты поездарды жүргізуді ұйымдастырудағы инициативасы үшін!» бірнеше алғыстар жазылған.

Алексейдің досы Иван Замковойдың өсу жолын да бір-екі ауыз сөзбен айтқанда мынадай. Ол Совет Армиясы қатарынан оралып паровоз депосына машинист болып орналасқан болатын. Көп уақыт өтпей-ақ Иван Замковойға аға машинист атағы берілді. Бұл да ауыр жүк тиелген поездарды жүргізуде еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде.

Петропавл депосында еңбек ететін бесінші бесжылдық озаттарының қайысымен кездесек те Улы Отанмыздың көркейе беруі үшін жанаямай жұмыс істеп, халық шаруашылығына қажетті жүкті мерзімінен бұрын, әрі көп тасыймыз, сөйтін, еліміздің экономикалық қуатын арттыра беруге үлес қосамыз дейді.

Олардың берген уәдесерін аброймен орындайтындығына бұрынғы істелген жұмыстары кеші,

Ж. МҰҚАНОВ.

